



# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№ 11/89

16 наурыз



www.instagram.com/qorjyntubek\_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ҮШІНШІ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Атырау қаласында Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы өтті.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, биылғы Құрылтай отырысы Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен және Ораза айымен орайлас келгенін айта келіп, үшінші отырыстың Жайық жағасында өтіп жатқаны тегін емес екенін атап өтті.

– Әйгілі Сарайшық қаласы осы жерге тиіп тұр. Бұл шаһар Ұлық ұлыстың, кейін Қазақ хандығының маңызды әкімшілік және сауда орталығы болғаны тарихтан белгілі. Ұлы Жібек жолының бойында тұрған қала бір кездері айрықша геостратегиялық рөл атқарған. Батыс пен Шығыстың экономикалық, саяси, мәдени қарым-қатынасына ерекше ықпал еткен. Атақты хандарымыз осы жерге ордасын тігіп, ел билеген. Бірқатары Сарайшықта мәңгілік мекенін тапқан. Тарихшылардың пайымдауынша, Қазақ хандығын қуатты мемлекетке айналдырған Қасым хан осында жерленген. Бір сөзбен айтсақ, Сарайшық – төл шежіремізде айрықша орны бар киелі шаһар, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



дауласа, ендігі ұрпақ кімнің ісі дұрыс, кімдікі бұрыс деп даурығып жүр. Жалпы, бұрынғы және қазіргі тарихтың түрлі кезеңдерін, тұлғаларын бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Түптеп келгенде, мұның бәрі – біздің тарихымыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала беретінін мәлімдеді. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы ағар-

жаңа деңгейге көтерді. Оның Рим империясымен ұқсастығы да – осында. Биыл Жошы ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл толды. Бүгінгі жиынымыз да осы мерейлі белеске тұспа-тұс келіп отыр. Жошы ұлысы Қазақстанның мемлекеттілік дәстүрінде айрықша орын алады. Еліміздің өткені, бүгінгі мен болашағы оның тарихи мұрасымен тығыз астасып жатыр. Ендеше, Алтын Орда туралы халықаралық аренадағы түсінік Қазақстанмен тікелей байланысты болуы керек, – деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстанның жеті томнан тұратын жаңа академиялық тарихын жазу жұмыстары жүйелі жүріп жатқанын хабарлады. Бұл іске 250 ғалым, соның ішінде 60 шетелдік маман атсалысып жатыр. Аталған еңбектің дербес бір томы Жошы ұлысына арналмақ.

Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр Қазақстан ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар комитетіне мүше болып сайланғанын еске салып, еліміздегі қайталанбас табиғи және тарихи ескерткіштерді кеңінен дәріптеуге шақырды. Бұл ретте Президент жерасты мешіттерін және тылсым табиғатымен шетелдіктердің ерекше қызығушылығын туғызған Үстірт қорығын ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізбесіне енгізу жөнінде тапсырма берді.

Бұған қоса, Мемлекет басшысы Ешкіөлмес жотасындағы, Арпаөзен, Құлжабасы, Сауысқандық сайларындағы дала өркениетінің сан мың жылдық шежіресі саналатын таңбалы тастарды (петроглифтерді) қорғауға алу үшін тиісті шаралар қабылдауды, сондай-ақ жалпы тарихи-мәдени мұрамызды сақтау үшін археологиялық қызметті жүйелеуді тапсырды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесіне айрықша тоқталды.

Президенттің пікірінше, еліміздің рухани дербестігін сақтап, оны нығайта түсеміз десек, дәстүрлі дініміз – сунниттік бағыттағы ханафи мәзһабына ден қоюымыз қажет. Бұл орайда Мемлекет басшысы Ислам дінінің Ұлы дала төрінде таралып, тамыр жаюына орасан зор үлес қосқан, түркі әлеміндегі сопылық ілімнің

негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи мұраларын терең зерделеп, дәріптеуге айрықша назар аударған жөн деп санайды.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай мүшелерінің алдында сөйлеген сөзінде қоғамды жайлаған бес кеселмен, атап айтқанда есірткі саудасы және нашақорлықпен, лудоманиямен, тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг және агрессиямен, вандализммен, ысырапшылықпен бүкіл ел болып күресіп, тосқауыл қоюға шақырды.

Сонымен қатар Президент ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға жеке-жеке тоқталды. Олар – тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміздегі әрбір азамат осы басты құндылықтарды берік ұстануы керек. Президент ұсынған «Адал азамат» ұғымы мұның бәрін түгел қамтиды. Сонымен бірге бұл Әділетті Қазақстан идеясымен үндесіп жатыр.

– Біз осы іргелі құндылықты ұрпақ санасына сіңіре беруіміз керек. Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ұлттық құрылтайда жұртшылық атынан Парламент Мәжілісінің депутаты Еділ Жаңбыршин, қоғам қайраткері Оразалы Сәбден, Парламент Сенатының депутаты, «Возрождение» қазақстандық немістер бірлестігі» қоғамдық қоры қамқоршылық кеңесінің төрағасы Евгений Больгер, адвокат, «Құқық қорғаушылар» қоғамдық қорының тең құрылтайшысы Айман Омарова, Парламент Мәжілісінің депутаты Никита Шаталов, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, өздерінің ой-пікірлерін ортаға салды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтайда айтылған жаңа идеялар мен ұсыныстар мұқият қаралып, нақты шаралар қолға алынатынын жеткізді. Сонымен қатар Ұлттық Құрылтайдың төртінші отырысын келесі жылы Көкшетауда өткізуді ұсынды.

Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінің толық мәтінімен мына сілтеме арқылы танысуға болады.



Мемлекет басшысының пікірінше, халықтың береке-бірлігін сақтау елдігіміз үшін аса маңызды. Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады.

– Алдымен ел ағаларының арасында ауызбіршілік болуы керек. Олар ұрпаққа өнеге болатын кесек әңгіме айтуы қажет. Қазір ертеде өткен оқиғаларға, белгілі бір тұлғаларға қатысты талқылау көбейіп барады. Қаламгерлеріміз, тіпті, Шыңғыс ханның тегі кім деп, айтысып-тартысып жататын болды. Кеңес заманындағы тұлғаларды, әсіресе, Алаш көсемдері мен Кеңес қайраткерлерін салыстырып, бір-біріне қарсы қояды. Дәл осындай сөз тартыстарының ақиқатына жету қиын, жеткеннің өзінде ел ішіне іріткі салатын мұндай дау-дамайдың еш қажеті жоқ. Әр дәуірдің өз ерекшелігі бар. Әрбір тұлға өзінің көзқарасына, дүниетанымына қарай және өз қоғамының мүддесіне сәйкес елге қызмет етті. Олар, яғни, сол заманның қайраткерлері бір кездері ұстанған бағытына бола

тушылық деп санайды. Бұған қоса, кітапхана ісін өркендетуге бей-жай қарауға болмайтынын атап өтіп, көп ұзамай Алматы мен Астанада тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапханалар бой көтеретінін жеткізді.

Мемлекет басшысы болашаққа сеніммен қадам басу үшін төл тарихымыздың ауқымы кең екенін толық сезініп, мәдени мұрамызды сақтап, оны дәріптеуіміз қажет деп санайды. Оның пікірінше, Қазақстан – Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің тікелей мұрагері. Жер жүзіне Алтын Орда деген атпен танылған әйгілі Жошы ұлысы Орталық Еуразияның байтақ даласындағы ең қуатты мемлекет ретінде мойындалған.

– Жошы әулеті 6 ғасыр бойы Орталық Еуразияның тағдырына тікелей ықпал етті. Ұлан-ғайыр аумақта біртұтас өркениет құруға ұмтылды. Жошы ұлысы Ұлы даланы мекен еткен халықтардың сан ғасырлық даму бағдарын айқындап отырды. Ұлық ұлыс мемлекетті басқару ісін

## АТЫРАУДА ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ӨТТІ

Ұлттық Құрылтай Өз Наурыз қарсаңында еліміздің батыс аймағындағы Атырауда болып өтті. Ұлыстың ұлы күні табиғат пен тұтас тіршілік жаңарады. Ал Құрылтайда қоғамдық құндылықтарды жаңғырту үшін маңызды қадамдар жасалады деп үміттенеміз. Жаңару мен жаңғыру жақсылыққа жол ашады. Сондықтан Құрылтай мүшелерінің жылына бір рет алқалы жиында бас қосуы игі дәстүрге айналды деп ойлаймыз. Аталған Құрылтай жұмысына мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев қатысты.

Президент атаулы жиында халық арасындағы ауызбірлік туралы айта кетті. «Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады», - деді ол. Мемлекет басшысы халықты береке-бірлікті сақтауға шақырды. Сондай-ақ Қ.Тоқаев еліміздегі идеологиялық насихаттың кемшін қалып жатқанына ерекше назар аударып, «Мен былтыр күздегі Жолдауымда Жаңа экономикалық саясатқа көшетімізді айттым. Дегенмен, нағыз дамыған ел болу үшін тек экономикалық мақсат қою жеткіліксіз. Әлеу-

меттік, шаруашылық, идеологиялық және басқа да салалардағы бағдарымызды айқындап, нақты шараларды қолға алуымыз керек», - деді. «Ең алдымен, халықтың береке-бірлігін сақтау елдігіміз үшін аса маңызды. Бұл істе зиялы қауым айрықша рөл атқарады. Әсіресе, елге сөзі өтетін аға буынның орны бөлек. Олар – қазақтың қаймағы, ұлттың мақтанышы. Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады. Яғни, алдымен ел ағаларының арасында ауызбіршілік болуы керек. Олар ұрпаққа өнеге болатын кесек әңгіме айтуы қажет, Құрылтайда қоғамдық құндылықтарды жаңғырту үшін маңызды қадамдар жасалады, - деп атап өтті Президент

Президент құзырлы мемлекеттік органға құнды мұраны тезірек сапалы жөндеуден өткізіп, тарихи орнына қайтаруды тапсырды. «Қожа Ахмет Ясауи мұраларын терең зерделеп, дәріптеуге де айрықша назар аударған жөн. Бұл мәселе бойынша ең әуелі өз еліміздің және шетелдің ғалымдарын шақырып, арнайы симпозиум өткізу қажет. Ясауи кесенесі-

не қатысты көне жәдігер туралы айта кеткім келеді. Ислам елдерінде әйгілі дін қайраткерлерінің бейіті міндетті түрде жапқышпен жабылады. Мдинадағы Мұхаммед Пайғамбардың қабірі де осылай бүркелген. Бұл – Ислам өркениетінің дәстүрі. Ал қасиетті Түркістандағы Ясауи қабірінде көптен бері арнайы жапқыш жоқ», - деген Қасым-Жомарт Тоқаев құзырлы орындарға қатаң ескерту жасады.

«Бүгін тағы бір тарихи өлке – Атырау облысына келіп отырмыз. Үшінші отырыстың Жайық жағасында өтіп жатқаны тегін емес. Әйгілі Сарайшық қаласы осы жерге тиіп тұр. Бұл шаһар Ұлық ұлыстың, кейін Қазақ хандығының маңызды әкімшілік және сауда орталығы болғаны тарихтан белгілі», - деді Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында. Айтуынша, Ұлы Жібек жолының бойында тұрған қала бір кездері айрықша геостратегиялық рөл атқарған. Батыс пен Шығыстың экономикалық, саяси, мәдени қарым-қатынасына ерекше ықпал еткен. Атақты хандарымыз осы жерге ордасын тігіп, ел билеген. Бірқатары

Сарайшықта мәңгілік мекенін тапқан. Тарихшылардың пайымдауынша, Қазақ хандығын қуатты мемлекетке айналдырған Қасым хан осында жерленген. Бір сөзбен айтсақ, Сарайшық – төл шежіремізде айрықша орны бар киелі шаһар, деп атап өтті мемлекет басшысы.

«Біз елдігіміздің негізін қалап, оны ұрпаққа табыстаған бабалар рухына тағзым етеміз. Алайда, өткенімен ғана өмір сүретін жұрт өркениетті ел бола алмайды. Ұлт сапасын жақсартамыз десек, бір ел болып жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруымыз қажет. Құрылтай – ешқашан той тойлап, әңгіме-дүкен құратын жиын болған емес, келешекте де ондай болмайды. Алдыңғы екі отырыста елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерілді. Оның біразы орындалды. Жалпы өзгерістер барлық салада болып жатыр», - дейді Тоқаев.

Аса маңызды мәселелерді тілге тиек етіп, көпшілік алдында ашық және пайдалы әңгіме өрбіген Ұлттық Құрылтай туралы газеттің алдағы сандарында айтатын боламыз.

Н.ҚАРАБЕКТЕГІ

2024 ЖЫЛДЫҢ 31 НАУРЫЗЫ – ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОРНЫНА САЙЛАУ КҮНІ

САЙЛАУҒА ТҮГЕЛ ҚАТЫСАЙЫҚ!  
№ 7 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына  
КАНДИДАТ

АБУЛОВА  
ЖАНАТ ЯЛҒАШБЕКҚЫЗЫ



31 МАРТА 2024 ГОДА - ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ВМЕСТО ВЫБЫВШИХ

УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ!  
КАНДИДАТ  
в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 7

АБУЛОВА  
ЖАНАТ ЯЛҒАШБЕКОВНА

Абулова Жанат Ялғашбекқызы 1989 жылы Өзбекстан Республикасы, Бұхара облысы, Газли қаласында дүниеге келген.

Ұлты: қазақ. Білімі жоғары, 2020 жылы Қарағанды мемлекеттік университетін «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2014-2021 жылдары – «Балақай» бөбекжайының тәрбиешісі болып бастаған. 2021-2023 жылы «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тіл саясаты бойынша әдіскері болып қызмет атқарды, 2023 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ тіл саясаты бойынша әдіскері.

Отбасылық жағдайы тұрмыста.

Сайлау алдындағы бағдарлама:

Жергілікті өкілетті билік органының депутаттығына үміткер болуға ниет білдіре отырып, мен осы қоғамдық жұмыстың жауаптылығы мен зор маңыздылығын айқын сезінемін. Сайлаушы азаматтар маған сенім білдірсе, мен қаланың дамуына, тұрғындардың ахуалы деңгейінің жақсаруына бар күш-жігерімді, жинаған тәжірибемді жұмсауға тырысамын. Депутаттардың алдына қойылатын мақсаттардың ішінен мен келесілерді нақты өз бақылауыма алар едім:

- жастардың неғұрлым жұмыспен қамтылуы, оларға бос уақыттарын тиімді өткізуге жағдай жасау. Бұл мәселенің шешімі мемлекет тарапынан жасалған жеңілдіктерді пайдаланып жастар арасында кәсіпкерлікті дамытуды қолдау деп ойлаймын;

- дене шынықтыру мен спорттың дамуына, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шаралардың ұйымдастырылып тұруына ықпал жасау. Бүгінгі күні қаламыздағы барлық мәдени және спорттық кешендердің тұрақты жұмыс істеуіне ықпал жасау;

- қаламызда мектепке дейінгі мекемелер жүйесінің дамуына ықпал тигізу. Қалалық Мәслихат депутаты болып сайланған жағдайда мен сайлаушыларыммен кездесіп, олардың мәселелерін шешуге барынша ықпалымды тигіземін, атқарған жұмысым туралы олардың алдында есеп беріп тұрамын.

Тапсырыс беруші: - Приозерск қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат: Абулова Жанат Ялғашбекқызы.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

Абулова Жанат Ялғашбековна родилась в 1989 году в городе Газли, Бухарской области, Республики Узбекистан.

Национальность: казашка. Образование: высшее. В 2020 году закончила Карагандинский государственный университет по специальности «Казахский язык и литература»

Свою трудовую деятельность начала с 2014 по 2021 год воспитателем в КПП «Ясли-сад «Балақай». С 2021 по 2023 годы работала методистом по языковой политике ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск». С 2023 года по настоящее время методист по языковой политике ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта города Приозерск»

Семейное положение: замужем.

Предвыборная программа:

Баллотируясь кандидатом в депутаты местного представительного органа власти, я хорошо осознаю всю ответственность и значимость этой общественной работы. Если граждане избиратели окажут мне доверие, я направлю все усилия, весь накопленный опыт на то, чтобы внести свой вклад в развитие города, улучшение уровня жизни населения. Среди наиболее важных задач, над которыми следует работать депутатам, я выделяю для себя следующие:

- обеспечение максимальной занятости молодежи, создание им возможности для полезного проведения досуга. Считаю, что одним из путей решения данной задачи воспользоваться государственной поддержкой и развитие предпринимательской деятельности среди молодежи.

- содействовать развитию физкультуры и спорта, организации культурно-массовых и спортивных мероприятий. Содействие стабильной работе всех культурно-спортивных сооружений города;

- содействие развитию в городе сети дошкольных учреждений; В случае избрания депутатом городского Маслихата буду встречаться с избирателями, всемерно содействовать решению проблем избирателей.

Заказчик: - кандидат в депутаты Приозерского городского маслихата Абулова Жанат Ялғашбековна.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

## БИШІЛЕР БИІКТІ БАҒЫНДЫРДЫ

Приозерск қаласындағы «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығында өнер және спорт бағыттары бойынша зор жетістіктерімен қуантып жүрген тәрбиеленуші балалар жетіп артылады. Солардың арасында би өнерімен шұғылданатын биші қыздар тобы да соңғы уақытта көпшілікке танымал бола бастады. Оны қала бойынша өтіп тұратын әртүрлі ісшараларда көріп жүрміз.

2024-жылғы 10-наурызда Астана қаласында «Master Kids» аталатын әртістік өнер және би спорты бойынша Халықаралық

чемпионат өткен болатын. Осынау байрақты бәсекеге «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығында аймаққа танымал биші Әсия Шадыбайқызы Омарованың жетекшілігіндегі «Вдохновение» би тобының тәрбиеленушілері де қатысып, өз өнерлерін паш еткен еді. Қаламыздың өнерсүйер қауымын өз өнерлерімен тәнті етіп жүрген биші қыздар аталған чемпионатта қазылар алқасын да таң қалдырыпты. Конкурс нәтижесі бойынша «Вдохновение» би тобының «Пиала» ұйғыр биі Супер Гран при және қаржылай серти-



катын жеңіп алса, «Ерке қыз» қазақ биі мен «Стиляги» биі Гран приге ие болды. Ал, «Хорезм» биі де жүлделі бірінші орынға лайық деп танылды. Өнер додасына апарған барлық билері негізгі жүлделерді жеңіп алған би тобының жетекшісі Әсия Омарова Алғыс хатпен марапатталды.

Елорданың үлкен сахнасында өнер көрсетіп, мерейлері үстем болған биші қыздардың аталған жеңісі Приозерск қаласының да атын елімізге танытты деуге негіз бар. Би тобында өнер көрсететін, осы жеңіске зор үлес қосқан өнерпаз қыздар Диана Орынбасар,

Мария Лихобаба, София Бычкова, Альбина Микрюкова, Гүлназ Мұхтарият, Васелиса Щербовских, Мадина Өріспай, Аяла Әнихар, Ақмерей Әділбек, Жанеля Құрманбек, Сағыныш Нұрғали, Асылай Егінбай, Інжу Өтеміс және Арайлым Сайранбек сияқты өнерлі қыздарымыз бен жетекшілері Әсия Шадыбайқызын мерекелі де, берекелі айдағы айтарлықтай жетістіктерімен құттықтап, алдағы уақытта да биік белестерден көріне беруіне тілектеспіз!

**Н.ӨТЕПТЕГІ**



### 2024 ЖЫЛДЫҢ 31 НАУРЫЗЫ – ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОРНЫНА САЙЛАУ КҮНІ

#### САЙЛАУҒА ТҮГЕЛ ҚАТЫСАЙЫҚ!

№ 7 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына  
**КАНДИДАТ**

**ҒАЛЫМЖАНОВ  
РУСЛАН ЕРКІНБАЙҰЛЫ**



Ғалымжанов Руслан Еркінбайұлы 1978 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауылында дүниеге келген.

Білімі орта арнаулы, 2015 жылы Қарағанды экономика және статистика колледжін бітірген.

Еңбек жолы:

2001-2008 жылдары – «Павлодар облысы Баянауыл ауданының орталық ауруханасы» КМК шаруашылық меңгерушісі; 2008-2021 жылдары – «Қарағанды облысы Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМК директорының шаруашылық бөлімі жөніндегі орынбасары; 2022-2023 жылдары - «Қарағанды облысы Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМК әкімшілік-шаруашылық бөлімі бойынша директорының орынбасары. 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап «Сарышаған Сужылу-2014» ЖШС директоры.

АМАНАТ» Партиясының мүшесі. Отбасылық жағдайы: үйленген

#### Сайлау алдындағы бағдарлама:

- Коммуналдық сала қызметкері ретінде, қала аумағын абаттандыру және санитарлық тазарту жұмыстарына көңіл бөлу;
- Жастарды өнерге, спортқа баулу, әртүрлі мәдени шараларды ойдағыдай өткізіліп тұрылуына ат салысу;
- Қала халқының десаулығын қорғау, тұрғындардың аз қамтылған бөлігіне тегін медициналық көмек көрсетуге назар аудару;
- Коммуналдық саладағы қызметкерлердің жалақысын уақытылы төлеуін талап ету;
- Приозерск қаласының экологиялық ахуалын жақсартуға толықтай күшімді салу;
- Қаланың санитарлық-эпидемиологиялық ахуалын жақсарту үшін қалада «Таза жағалау» «Тазалық - жиналған жерде емес, ластамаған жерде» акциясын ұйымдастыруға өз үлесімді қосу; Айналаның жаратылыстағы табиғи көркін және тазалығын сақтау, демалушылар мен қала тұрғындарына қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауды үгіттеу, және үгіттеп қана қоймай, осы мақсатты іске асыру және ұйымдастыруға өз үлесімді толықтай қосу.

Тапсырыс беруші: - Приозерск қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат: Ғалымжанов Руслан Еркінбайұлы.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

### 31 МАРТА 2024 ГОДА - ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ВМЕСТО ВЫБЫВШИХ

#### УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !

#### КАНДИДАТ

в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 7

**ҒАЛЫМЖАНОВ  
РУСЛАН ЕРКІНБАЕВИЧ**

Ғалымжанов Руслан Еркінбаевич родился 13 октября 1978 года в селе Баянауыл Павлодарской области.

Образование среднеспециальное. В 2015 году окончил Карагандинский колледж экономики и статистики.

Трудовая деятельность:

2001-2008 гг. – заведующий хозяйством КГП «Центральная больница Баянаульского района Павлодарской области»; 2008-2021 гг. – заместитель директора по хозяйственной части КГП «Центральная больница города Приозерск Карагандинской области»;

2022-2023 гг. – заместитель директора по административно-хозяйственной части КГП «Центральная больница города Приозерск Карагандинской области». С сентября 2023 г. - директор ТОО «Сарышаған Сужылу-2014».

Член партии «АМАНАТ».

Семейное положение: женат

#### Предвыборная программа:

- Как коммунальщик буду уделять внимание вопросам благоустройства, санитарной очистки территории города.
- Участвовать во всех культурно-спортивных мероприятиях, привлекать молодежь города к здоровому образу жизни, занятию спортом.
- Уделять внимание защите здоровья граждан нашего города, способствовать бесплатной медицинской помощи незащищенным слоям населения.
- Добиваться своевременной выплаты заработной платы работникам коммунальной сферы.
- Вложение всей своей силы на решения экологических проблем города.
- С целью улучшения санитарно-эпидемиологической обстановки города ежегодно способствовать организации акции «Чистые берега» под девизом: «Не там чисто где убирают, а там - где не сорят!». Цель акции сохранить первозданную природную красоту и чистоту берегов озера Балхаш. Пропагандировать отдыхающим о бережном отношении к окружающей среде.

Заказчик: - кандидат в депутаты Приозерского городского маслихата Ғалымжанов Руслан Еркінбаевич.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

**ЖАЗ МАУСЫДАРЫНДА ХАЛЫҚ АРАСЫНДА ТАМАҚТАН УЛАНУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ**

Жаз бізге күн сәулесі мен табиғи дәрумендерді ғана емес, сонымен қатар көптеген зиянды бактерияларды қоздыратын улану түріндегі қауіптерді де береді. Олар қолайлы көбейеді және жоғары ауа температурасында сезінеді. Сондықтан жазда уланудың алдын алу ерекше маңызды.

Жазда термиялық өңдеусіз тамақ өнімдерін (көкөністер, жемістер, көк шөптер) пайдалану көлемі дәстүрлі түрде артып, тез бұзылатын өнімдердің көше саудасының желісі кеңейеді. Сонымен қатар, ішек инфекциясының белгілері бар бірқатар аурулар ашық суда жүзуден туындауы мүмкін. Ішек инфекцияларына дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, паратиф А және В, тырысқақ, гастроэнтерит, тағамнан улану, вирусты гепатит А, вирустық ішек инфекциялары (аденовирус, ротавирус, норовирус) жатады.

Ішек инфекциялары бар аурудың негізгі көріністеріне назар аудару керек: әлсіздік, летаргия, нашар тәбет, диарея, құсу, іштің ауыруы, безгегі және қалтырау. Вирустық этиологияның жіті ішек инфекцияларында ішектің зақымдануымен қатар жоғарғы тыныс жолдарының

өзгерістері байқалады.

Қоздырғыштардың берілуіне бірнеше негізгі факторлар қатысуы мүмкін: су, тамақ, топырақ, тұрмыстық заттар, тірі тасымалдаушылар (мысалы, жәндіктер) т.б. Азық-түлік өнімдерінде ішек инфекциясының қоздырғыштары сақталып қана қоймайды, сонымен қатар өнімнің сыртқы түрі мен дәмін өзгертпей белсенді түрде көбейеді. Бірақ жоғары температураның әсерінен, мысалы, қайнаған кезде, ішек инфекциясының қоздырғыштары өледі. Ішек инфекцияларымен жұқтыру көзі адам – ауру немесе бактерия тасымалдаушы (дені сау адам дерлік, оның ағзасында ішек инфекциясының қоздырғыштары бар). Адамның ішек инфекцияларына бейімділігі айтарлықтай жоғары. Балалар әсіресе оларға сезімтал.

Сонымен қатар, тамақтан улану және тамақпен берілетін жұқпалы аурулардың себептері тамақ дайындау технологиясын бұзу, оларды дұрыс сақтамау, тамақ шикізатын және тамақ өнімдерін өндірушілердің де, тұтынушылардың да күнделікті тұрмыста жеке гигиена ережелерін сақтамауы болып табылады. өмір. Кремді кон-

дитерлік өнімдер, салаттар, винегреттер, сүт, сары май және басқа тамақ өнімдері (әсіресе термиялық өңдеуге жатпайтындар) үлкен қауіп төндіреді.

Алдын алу қарапайым гигиеналық ережелерді қамтиды:

- Дайындау, тамақ ішер алдында және дәретхананы пайдаланғаннан кейін міндетті түрде қолды сабынмен мұқият жуу;
- қайнатылған, бөтелкедегі суды ішу үшін немесе ағын суын кейінгі тазарту жүйесі бар ауыз фонтаннан пайдалану;
- көкөністер мен жемістерді, оның ішінде цитрустық жемістер мен банандарды таза сумен жуып, қайнаған сумен күйдіріп болғаннан кейін ғана пайдалану;
- тартылған сүтті қайнағаннан кейін ғана пайдалану;
- шикі сүттен жасалған сүзбе немесе сусымалы сүзбе тек термиялық өңдеуден өткен ыдыс түрінде пайдалану;
- тамақ өнімдерін таза, қайта жабылатын ыдыста сақтау;
- рұқсат етілген жарамдылық мерзімі шегінде тез бұзылатын өнімдерді тоңазытқыштарда сақтау;

- пәтерде (үйде) гигиеналық ережелерді сақтау, жиі желдету, күнделікті ылғалды тазалау;

- жылдың жаз мезгілінде арнайы бөлінген орындарда ашық суда шомылу;

- азық-түлік өнімдерін тоңазытқышқа тауарлық көршілестік жағдайымен орналастыру: дайын тағамдар мен жоғары дайындық дәрежесіндегі жартылай фабрикалар – жоғарғы сөрелерге, шикізат – төменгі сөрелерге.

егер сіз өзіңізді нашар сезінсеңіз (әсіресе нәжістің бұзылуы, жүрек айну, іштің ауыруы болса), ешбір жағдайда отбасы мен қонақтарға тамақ дайындауға болмайды; - демалысқа шыққанда, балаларды экскурсияға немесе ұзақ сапарға жіберген кезде тез бұзылатын тағамдарды пайдаланбаңыз.

Есіңізде болсын! Медициналық көмекке жүгінудің кешігуі денсаулыққа кері әсер етіп, басқалардың инфекциясын жұқтыруы мүмкін.

*Приозерск қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.*

**2024 ЖЫЛДЫҢ 31 НАУРЫЗЫ – ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОРНЫНА САЙЛАУ КҮНІ**

**САЙЛАУҒА ТҮГЕЛ ҚАТЫСАЙЫҚ!**

№ 7 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына

**КАНДИДАТ**

**КЕНЖЕБАЕВ  
РИШАД ҒАЛИУЛЫ**



**УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !**

**КАНДИДАТ**

в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 7

**КЕНЖЕБАЕВ  
РИШАД ГАЛИЕВИЧ**

Кенжебаев Ришад Ғалиұлы 1977 жылы Қарағанды облысы, Ақшатау кентінде дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Білімі: орта мектеп. 1998 жылдан 2007 жылға дейін «Приозерск қаласының әкім аппараты» ММ жүргізушісі болып жұмыс істеді. 2018-2023 жылдары «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешені» ЖШС спорттық-ойын-сауық қызметінің нұсқаушысы, техник-эмбебап, инженерлік-шаруашылық қызметінің бас инженері лауазымында болды. 2024 жылдан бастап «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешені» ЖШС инженерлік-шаруашылық қызметінің бастығы.

Отбасылық жағдайы: үйленген.

**Приозерск қалалық мәслихатына депутаттыққа кандидатураның ұсынылуына байланысты, төмендегідей сайлау бағдарламамды ұсынамын:**

- Жастармен белсенді жұмыс жасаймын, олардың сауаттылығын арттырамын;
- Әлеуметтік жағдайы төмен тұрғындармен жұмыс жүргіземін;
- Спортпен белсенді айналысып, салауатты өмір салтын ұстанамын;
- Азаматтардың заңды мүдделерін арттыру, Қазақстан Республикасы Конституциясын сақтау;
- Тұрғын үй және жекешелендірілген құрылыстардың дамуына атсалысу;

Тапсырыс беруші: - Приозерск қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат: Кенжебаев Ришад Ғалиұлы.  
Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

**31 МАРТА 2024 ГОДА - ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ВМЕСТО ВЫБЫВШИХ**

Кенжебаев Ришад Галиевич родился в 1977 году в поселке Акчатау, Карагандинской области. Национальность казах.

Образование среднее. С 1998 года по 2007 год работал водителем в ГУ «Аппарат акима г.Приозерск». С 2018-2023 годы работал в должностях: инструктор спортивно-развлекательной службы, техник-универсал, главный инженер инженерно-хозяйственной службы ТОО «Лечебно-оздоровительный комплекс «Балхаш». С 2024 года начальник инженерно-хозяйственной службы ТОО «Лечебно-оздоровительный комплекс «Балхаш». Семейное положение: женат.

**В связи с моим выдвижением кандидатом в депутаты Приозерского городского маслихата, предлагаю следующую программу своей деятельности в случае избрания депутатом городского маслихата:**

- Буду проводить активную работу с молодежью, повышая их грамотность;
- Активно проводить работу с социально незащищенными слоями населения;
- Пропагандировать здоровый образ жизни. Активно заниматься спортом;
- Защита законных интересов граждан, соблюдение Конституции Республики Казахстан;
- Способствовать развитию жилищного и индивидуального строительства;

Заказчик: - кандидат в депутаты Приозерского городского маслихата Кенжебаев Ришад Галиевич.  
Оплачено из средств Республиканского бюджета

## «ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ТИІС ҚҰНДЫЛЫҚТАР»

Қазіргі қоғамда жастардың белгілі бір бөлігінің ұлттық сана-сезімі мен ділінің, азаматтығы мен патриотизм деңгейінің құлдырауы байқалуда. Рухани құндылықтардың орнына материалдық құндылықтар келіп, басымдық танытуда. Іс жүзінде осының барлығы жастардың маңызды азаматтық міндеттерді жауапкершіліксіз, немқұрайлы атқарып, әлеуметтік жетексіздік пен рухсыздыққа бой алдыруынан айқын аңғарылады. Жастар арасында сан алуан діни көзқарастардың белең алуы, кәметке толмаған жасөспірімдердің арасында қылмыстың өсуі, маскүнемдік, шылым шегу, нашақорлық, өзіне қол жұмсау, жас отбасыларының ажырасуы жағдайларының көбеюі өзекті мәселе болып тұр.

«Ұлы далада діннен бұрын, діннен де мықты алтын діңгегіміз, алтын тамырымыз – халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы болатын. Қазіргі жастарымыздың білместікпен жан-жаққа ұрынып

жүргені ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрді білмей, ұмыт болып бара жатқанынан. Президент айтқан ұлттың жаңа болмысын, жаңа сапасын қалыптастыру үшін ең бірінші ғасырдан-ғасырға келе жатқан ұлттық санамыз бен ұлттық әдет-ғұрпымызды қалпына келтіріп, жастардың бойына сіңіруіміз керек», деген Жабал Ерғалиев орыс халқының саяхатшысы Николай Пржевальский Жетісу өңірін аралағанда «Бұл халыққа білім берудің қажеті жоқ, олардың салты мен дәстүрінің өзі тұнып тұрған білім мен ғылым» деп жазба қалдырғанын да мысалға келтірді.

«Ұлы даланың, көк пен жер астын мекендеген халықтың зандылықтарын қалыптастырған білімі де, ғылымы да ұлтымыздың салт-дәстүріне арқау болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Бірақ қазір заман басқа, адам басқа. Құндылық пен сана да басқа. Рухани, тұрмыстық жұтаңдық жайлаған бүгінгі заманда қазақ

баласы ешкімді кінәламаса, ешкімді сөкпесе екен дейсің. Терең зерделейтін болсақ, оған заман да, сол заманның адамы да кінәлі емес. Кінәлі – саясат. Біздің ұлы даламызға кешегі Ресейлік патша араласқаннан кейін дінінен, салтынан айыру саясаты жүргізілді. Соның салдарынан талай сорақылыққа баруға мәжбүр болдық. Кеңестік жүйенің жүргізген саясатын бәріміз жақсы білеміз. Талай нәубетті басынан өткерген, ұлт зиялыларының өмірі қиылып, қан кешуден өткен халқымыз қазір бірін-бірі емес, саясатты айыптап, алайда даудамайды қоздырмай, сол тарихтан қорытынды шығарып, алға қарауға тиіс», деген жазушы қазіргі уақытта бізге мүлде жаңа көзқарас, тың ойбайлам мен жаңа сана қажет.

Ақпараттық интеллектуалдық иммунитетті күшейтуді мектептен бастауды ұсынған сарапшы әлеуметтік желілердегі ұлттық құн-

дылықтарға қарсы контентке дер кезінде ден қоюдың маңыздылығына да тоқталды. «Ұлттық болмысымызға, табиғатымызға қатысты теріс ақпараттар пайда болса, құзыретті орындар көбіне үнсіз қалады. Кейде тым кеш жауап беріп жатады. Бірақ ол кезде ақпараттық вирус қоғам ағзасына тарап үлгері. Осылайша, жұртшылық екіұдай ойда қалады, сенімсіздік пайда болады. Халық тіпті сеніп жүрген дәстүрлерге күдікпен қарай бастайды. Құндылықтарымызды құрбандыққа бермеу күресін күшейтетін кез келді», деді Оңайгүл Тұржан. Қазіргі заманның тым асығыс екенін ескертіп өткен ақын: «Бізге құйған шайды ішіп үлгертпейтіндей шапшаңдық керек. Бірақ шайымызды төгіп алмайтындай ептілік те қажет», деді.

АТТ мүшесі, Приозерск қаласының журналисті:  
Қарабеков Н.Қ.

2024 ЖЫЛДЫҢ 31 НАУРЫЗЫ – ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОРНЫНА САЙЛАУ КҮНІ

31 МАРТА 2024 ГОДА - ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ВМЕСТО ВЫБЫВШИХ

САЙЛАУҒА ТҮГЕЛ ҚАТЫСАЙЫҚ!

№ 10 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына

КАНДИДАТ

ИМАНОВ  
МАРАТ САБЫҚҰЛЫ



УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ!

КАНДИДАТ

в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 10

ИМАНОВ  
МАРАТ САБЫКОВИЧ

Иманов Марат Сабықұлы 1976 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Білімі орта-арнайы 2020 жылы Балқаш көпсалалы колледжін бітірген. Еңбек жолы: 2009-2023 жылдары «Приозерск қаласының Орталық ауруханасы» КМК еңбекті қорғау жөніндегі инспекторы; 2023 жылдан «Приозерск қаласының Орталық ауруханасы» КМК шаруашылық меңгерушісі.

Отбасылық жағдайы: үйленген.

Сайлау алдындағы бағдарлама:

- біздің сүйікті қаламызды барынша көркейтуге және қалпына келтіруге ат салысу;
- қаладағы жеке кәсіпкерліктің дамуына және қалалық базардағы тауар бағаларын түсіруге ат салысу;
- қарт кісілер мен тұрмысы төмен азаматтарды қолдау, қайырымдылық шараларға белсене қатысу;
- денсаулық сақтау, білім бөліміндегі мамандар және мемлекеттік қызметкерлер, оралмандар мен апаттық үйлерде тұратын азаматтарға тұрғын үй мәселелерін шешу;
- жемқорлықпен және құқық бұзушылық пен күрес, құқық және азаматтар мүддесін қорғау;
- спорт мәселелерін, және де жастар арасындағы салауатты өмір салтын жақсарту;
- Маслихат беделі мен рөлін жоғарлату, жергілікті мемлекеттік басқару органы ретінде;
- сайлаушылармен үнемі кездесіп тұру, ұсынған ұсыныстары мен сұрауларын қарастыру, істелген жұмыстар жөнінде оларға есеп беру.

Тапсырыс беруші: - Приозерск қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат: Иманов Марат Сабықұлы.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

Иманов Марат Сабыкович родился в 1976 году в селе Баянауыл Павлодарской области. Национальность казах.

Образование среднее специальное, в 2020 году окончил Балхашский многопрофильный колледж.

Трудовая деятельность: 2009-2023 годы инспектор по охране труда КГП «Центральная больница города Приозерск»; с 2023 года заведующий хозяйством КГП «Центральная больница г.Приозерск».

Семейное положение: женат.

Предвыборная программа:

- всемерно содействовать восстановлению и процветанию нашего любимого города;
- содействовать развитию в городе частного предпринимательства и приложить все силы на понижение цен на городском рынке;
- поддерживать пожилых людей и малообеспеченных граждан, участвовать в благотворительных акциях;
- решение жилищных вопросов работников здравоохранения, образования и госслужащих, а также оралманов и жителей аварийных домов.
- проводить борьбу с коррупцией и должностными правонарушениями, защищать права и интересы граждан.
- улучшить пропаганду спорта, здорового образа жизни среди молодежи и подростков;
- повышать роль и авторитет Маслихата, как местного органа государственного управления;
- регулярно встречаться с избирателями, работать над их предложениями и просьбами, отчитываться перед ними о проделанной работе.

Заказчик: - кандидат в депутаты Приозерского городского маслихата Иманов Марат Сабыкович.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

## ҚАУІПТІ КЕСЕЛ ҚАУЛАП КЕТПЕСІН

Еліміздің батысынан діни экстремистердің оқтын-оқтын бас көтеруі елдің басшыларын ғана емес, қарапайым халықты, барша азаматтарды ойландырып отыр. Көптің көкейінде «Экстремизм мен терроризмге қарсы Қазақстанда атқарылып жатқан іс-шаралар жеткіліксіз болғаны ма?» - деген сұрақ ұялап, ұлттық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілу деңгейіне алаңдаушылық белең алды. Ақтөбедегі оқиға экстремизм мен терроризмнің алдын алу, бұл келеңсіз кеселдермен күресудің әдіс-тәсілдерін қайта қарап, жетілдіру қажеттігін дәлелдеп берді. Қазақстандық антитеррористік саясаттың кемшіліктері де айқындалды: біріншіден, экстремизм мен терроризмнің зардаптарымен күресуге күш салынып, оны туындатушы көптеген алғышарттарға жеткілікті мән берілмеуі; екіншіден, экстремизмге бой алдыру мен террорлық әрекет жасаудың себептерін жойып, олардың алдын алу жұмыстарын кешенді жүргізудің назардан тыс қалуы. Ақтөбедегі көзі жойылған лаңкестер негізінен өрімдей жастар екенін газеттен оқып, теледидардан көріп байқадық. Өмірдің қызығын көріп, арман қуатын шақтарында, аталарымыз «Қайран жиырма бес» деп әнге қосқандай, ойнап-күліп, салсерілік құратын жастарында ақтөбелік жастарымыз неге жанкештілік жасап, қолдарына қару алып, қанды қылмысқа барып жатыр деп еріксіз қынжыласың. Ақтөбедегі жастардың экстремистік жалған діни ілімдерге бас ұруы Қазақстандағы жастар саясатының қателігін, жастардың

арасында шешімі табылмаған әлеуметтік-экономикалық проблемалардың көп екенін, мемлекеттік деңгейдегі ұлттық идеологиялық жұмыстың әлсіздігін, қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік пен жіктелудің тереңдеуін, ақпараттық саясаттың осалдығын дәлелдеп берді. Қазір Қазақстанның ауыл-аймақтарындағы жастардың хал-ахуалы қиын екені баршамызға белгілі. Ауыл жастарының арасында жұмыссыздық өршіп тұр, «екі қолға бір күрек» деп сабылып, қалаға жұмыс іздеп келетін жастар мыңдап саналады. Қалаға келгенде дайын тұрған жұмыс қане? Не үйі жоқ, не күйі жоқ, жарытып жалақы алатын жұмысы да жоқ... Ақырында, әл-ауқаты төмен жастар тығырыққа тіреліп, түрлі теріс жолдарға түседі: біреулері маскүнемдік пен нашақорлыққа ұрынады, екіншілері ары мен тәнін сатып, ұрлық-қарлық жасап, қылмыстық жолға түссе, үшіншілері психикалық күйзеліске ұшырап, түрлі діни ағымдардан «көңілге жұбаныш іздейді», ақырында экстремистердің қатарына қалай қосылғанын білмей қалады.

Бұған қоса, байлығы мен билігі барлардың балалары шалқып өмір сүріп, үрлеп ішіп, шайқап төгіп жүргенін көрген кедей отбасынан шыққан жастар ашынбайды дейсіз бе? Әлеуметтік жіктелудің тереңдеуі, қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздіктің артуы, заңдылықтың сақталмауы да наразылық көңіл-күйді өршітеді, экстремизмнің туындауына қосалқы алғышарттар туындатады. Ашы да болса шынығын айтуымыз керек, еліміздегі жастардың

әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалы жақсармайынша, жастар арасындағы деградациялану мен маргиналдану процестері үздіксіз жалғасатын болады, бүгін бір топ жастарды «экстремист» деп түрмеге қамап, «террорист» деп атып тастағанымызбен, бұл шаралар ешбір нәтиже бермейді, ертең олардың орнына басқа жастар келеді. Сол үшін жастарға білім беру, жұмыспен қамту, шағын бизнеспен айналысуына барынша қолайлы жағдайлар жасау, өзінің кәсіпкерлік қабілетін жүзеге асыруына қолдау көрсетуді мемлекеттік деңгейде қолға алуымыз қажет.

Жастар саясатында жасалған үлкен кемшілік – жастардың бос уақытын өткізуі назардан тыс қалып отыр. Жастарды өнер мен шығармашылыққа баулитын орталықтар қалалардың өзінде жетіспейді, ауылдық жерлерде мүлдем жоқ десек те болады. Спорттық үйірмелер, спорт залдары ақылы қызмет көрсетуге көшкен, ауыл-аймақтарда спортпен айналысуға мүмкіндіктер тіптен аз. Ата-аналардың көпшілігі балаларының бос уақытын ұтымды үйлестіруге дәрменсіз. Жастарды негізінен «көше мәдениеті» тәрбиелеуде. Одан қалды, жастардың бос уақыты негізінен интернет кеңістігінде қаңғу мен әлеуметтік желілерге маталып, шатасумен өтуде. Интернет пен әлеуметтік желілерді бақылап жатқан ешкім жоқ. Виртуалды әлемде сенделіп жүріп, жастар адасады, рухани азғындалады. Жалпы, ақпараттық қауіпсіздігімізге төнетін бұдан өзге де қауіп-қатерлер жетіп артылады. Қорыта келе айтарымыз, сол, жастар

саясатын құр ұрандаумен өткізбей, нақты істерге қарай бағыттауымыз керек. Әсіресе, жастардың бос уақытын мазмұнды етіп ұйымдастыру мемлекеттік деңгейден бастап, жергілікті жерлерде басымдыққа айналуы қажет. Ынталы жастарымыз қолы бос уақыттарында шығармашылықпен, өнермен, спортпен тегін айналысуына мүмкіндік жасап бере алмаймыз ба? Жемқорларымыз бюджет қаржысын миллиардтап жымқырып жатыр, ал жастарымыз азып-тозып, қаңғып жүр... Қалада аула спорттың, жергілікті жерлерде ауыл спортының дамытатын қарапайым ғана спорт алаңдарын жасап, кітапхана жүйесін қайта жаңғыртып, өнерге баулу, музыка мен шығармашылыққа тәрбиелеуді жүйелі түрде қолға алатын кез келді. Мәселенің төркінін айтар болсақ, экстремизм мен терроризмнің алдын алу мен оларға қарсы күресу кешенді іс-шаралар мен әдіс-тәсілдердің жиынтығын құрайды. Бұл бағытта тек арнаулы қызмет пен күштеу органдарына ғана сүйену ешбір нәтиже бермесі анық. Жан-жақты әлеуметтік-экономикалық саясат, жастар саясаты, идеологиялық, ақпараттық, мәдени саясат, спортты дамыту, ұлттық тәлім-тәрбие беру, жасөспірімдер мен жастардың бос уақытын мән-мағыналы әрі қызықты ұйымдастыру сияқты мәселелер оң шешімін табуы қажет. Сіз не дейсіз, көзі қарақты оқырман?!.

Журналист города Приозерск  
Н.ҚАРАБЕКТЕГІ

2024 ЖЫЛДЫҢ 31 НАУРЫЗЫ – ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ  
МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОРНЫНА САЙЛАУ КҮНІ

САЙЛАУҒА ТҮГЕЛ ҚАТЫСАЙЫҚ!

№ 10 сайлау округі бойынша Приозерск

қалалық мәслихат депутаттығына

КАНДИДАТ

КОЙШИН РУСЛАН  
КАНАТҰЛЫ



Койшин Руслан Қанатұлы 1990 жылы Ақмола облысында дүниеге келген. Ұлты: қазақ. Білімі жоғары, 2012 жылы Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін, қаржыгер мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 2012-2016 жылдары – Көкшетау қаласы «Нұрбанк» АҚ филиалының «Бурабай» банктік қызмет көрсету орталығының операциялық қызмет көрсету секторының менеджері болып бастады; 2023 жылдың тамыз айынан бастап «Балқаш «емдеу-сауықтыру кешені» ЖШС директоры.

«AMANAT» партиясының мүшесі.

Отбасылық жағдайы: үйленген.

Сайлау алдындағы бағдарлама:

Приозерск қалалық мәслихатының депутаттығына сайланған жағдайда мен келесі әрекеттерді жасауға ниеттімін:

- жұмыссыздарды құрылысшы мамандығы бойынша жұмысқа орналастыру арқылы халықтың жұмыспен қамтылуы, жұмыссыздықпен күрес мәселелеріне көңіл бөлу;
- шағын кәсіпкерлікті дамуына, олардың заңды құқықтарының қорғалуына қолдау көрсету;
- қала әкімшілігімен біріге отырып, көшелер және квартал аралық жолдардың жол төсемдерін жөндеу, қалпына келтіру, көшені жарықтандыру, сәулеттендіру, қаланы көгалдандыру мәселелерін шешу;
- қаланың экологиялық және әлеуметтік дамыту жоспарларын, қалалық бюджеттің тиімді пайдаланылуын және оның орындалуын тексеру;
- туризм, демалыс және спорттың дамуына белсена ат салысу;
- сайлаушыларымның алдында есеп беріп, өз округімде жарты жылда бір рет тұрғындармен кездесу өткізуге үнемі міндет артамын. Біз үшін біздің мәселемізді өзімізден басқа ешкім шешпейді.

Тапсырыс беруші: - Приозерск қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат: Койшин Руслан Канатұлы.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

31 МАРТА 2024 ГОДА - ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ  
ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА  
ВМЕСТО ВЫБЫВШИХ

УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !

КАНДИДАТ

в депутаты Приозерского городского  
маслихата по избирательному  
округу № 10

КОЙШИН РУСЛАН  
КАНАТОВИЧ

Койшин Руслан Канатович родился в 1990 году в Акмолинской области. Национальность казах. Имеет высшее образование, в 2012 году Кокшетауский государственный университет им.Ш.Уалиханова по специальности финансист.

Трудовую деятельность начал в 2012-2016 гг. – менеджер сектора операционного обслуживания Центра банковского обслуживания «Бурабай» филиала АО «Нурбанк» г.Кокшетау; с августа 2023 директор ТОО «Лечебно-оздоровительный комплекс «Балқаш».

Член партии «AMANAT».

Семейное положение: женат.

Предвыборная программа:

В случае моего избрания депутатом Приозерского городского маслихата я намерен:

- Уделять внимание вопросами занятости населения, борьбе безработицей, путем привлечения безработных к работе по строительным специальностям;
  - содействовать малому бизнесу в юридической защите их прав и в дальнейшем их развития;
  - совместно с акиматом города решать вопросы обеспечения капитального ремонта дорожного покрытия улиц и внутриквартальных дорог, восстановлением и строительством нового уличного освещения, благоустройства и озеленения города;
  - эффективно контролировать исполнение экологических и социальных планов развитие города, распределение городского бюджета и его исполнения;
  - содействовать в развитии туризма, отдыха и спорта;
  - обязуюсь регулярно отчитываться перед избирателями, раз в полгода проводить встречи с населением своего округа;
- Никто не решит за нас, наши проблемы, кроме нас.

Заказчик: - кандидат в депутаты Приозерского городского маслихата Койшин Руслан Канатович.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

## ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ – ИСЛАМ ТАЛАБЫ

Толеранттылық (лат. tolerantia — төзімділік, көнбістік) — басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті. Толеранттылық — адам құқығы мен бостандығы, демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі. Толеранттылық — қоғамның жалпы және саяси мәдениетінің деңгейінің көрсеткіші.

Дәстүрлі Ислам діні ұлттар мен ұлыстарды нәсіліне қарамай бейбіт бір шаңырақ астына біріктірген бүкіләлемдік дін. Қасиетті Құран Кәрім кітабы адамзаттық өркениетті байыта отырып, әрбір ұлттың өз болмысын сақтауын, олардың бір-бірімен тәжірибе алмасқанын құптайды. Ислам діні ақиқат пен парасаттылық, адамгершілік пен кішіпейілділік секілді қасиеттерге үгіттейтін дін болса, Отан — сол қасиеттерді жүзеге асыратын, пенделерді өркениетке бастайтын ұлы ұғым.

Толеранттылық рухани келісім қағидаттары дәстүрлі діндердің бәріне тән. Дінаралық татулықты сақтау қағидатына исламда баса мән берілген. Пайғамбарымыздың хадисінде «Мұсылман — өзгелер қолы мен тілінен зиян көрмеген адам» деген. Діндер арасындағы татулық негізін сақтауға да қатысты деуге болады. Басқа дін өкілдерімен тату-тәтті қарым-қатынаста болу — Ислам шарияты бұйырған іс-амалдардан саналады.

Мұхаммед пайғамбар жорық кезінде өзге дін өкілдерінің ғибадат ғимараттарын қиратпауды, дін өкілдерін өлтірмеуді, оларға қол жұмсамауды, өзге діндегілердің құдайларына тіл тигізбеуді өсиет еткен. Мұхаммед пайғамбардың тәлімін алған

ізбасарлары да мұсылмандардың қол астына кірген елдерде осы ұстаныммен билік жүргізді.

Шет тілден енген «толеранс» термині құлаққа жат болып көрінгенмен, оның ұғымы дәстүрлі дүниетанымда бар, қазақтың қанында, бойында бар қасиет. Толеранттылық сабырлылықтың, ұстамдылықтың, төзімділіктің мағынасын береді. Бұл түсінік, яғни төзімділік, біріншіден, қазақтың ұлттық мінез-құлқындағы төл қасиет десек, екіншіден, лаңкестер мен арандатушылардың қаншама шынның өңін теріс айналдыруға тырысқандарына қарамастан, ислам дінінің рухында бар нәрсе. Қазақ халқы ықылым заманнан ислам дінін бойына сіңірген халық. Құранның сөзі, аяттар мен хадистер салт-санаға еніп кеткен. Мақал-мәтелдің көбі хадистердің мағынасымен бірдей. Кеңпейілділігі, қонақжайлылығы, тіпті тойқұмарлығы да толеранттылықтың жан-жақты қырын ашып көрсетеді. Бүгінгі таңда экстремизм мен терроризмге байланысты сөз қозғасақ болғаны дін сөзін бірге тіркестіреміз. Ол қалыпты жағдайға айналып бара жатқан сияқты. Шындығында, олар қаншалықты байланысты мұны нақты дәлелдеп айту қиын. Десе де, еліміздегі діни ахуал ерекше бақылауға алуға талап етеді. Бүгінгі таңда экстремизм мен терроризмнің алдын алуға маңызды шарттарының бірі-жастардың толерантты санасын қалыптастыру болып табылады. Толеранттылық азаматтық қоғамның маңызды рухани бөлігі болып табылады. Әр адамның толеранттылық деңгейі көбінесе оның жеке қасиеттерінен, моральдық жетілуін, мәдениеттің көрсеткішін және оның басқа адамдар-

мен қарым-қатынасын анықтайды. Қазіргі уақытта толеранттылық мәселесі өткір болып келеді. Бұл бірқатар себептерге байланысты: әлемдік діни экстремизмнің өсуі, ұлтаралық қатынастардың шиеленісуі. Сонымен қатар, қазіргі жастардың діни толеранттылығына әсерін тигізетін интернет жүйесінің қызметін ерекше айта кеткен жөн. Қазіргі таңдағы интернет жүйесіндегі әлеуметтік желілердің, сайттар мен интернет қауымдастықтардың қазіргі жастардың қызығушылықтарын арттырып, жастар арасында маңызы арта түсуде. Сондықтан интернет-ресурстары мен әлеуметтік желілерді дұрыс жағынан қолдана білу керек. Бұндай жағдайлар жастарымызды теріс жолға салынып кетуіне себеп болуы мүмкін. Бұдан діни сауаттылықтың таяздығы деген тікелей қорытынды шығаруға болады. Бұл мәселенің негізі білім беру жүйесінде жастарды діни толеранттылыққа тәрбиелеу. Себебі жастар Қазақстан болашағының басты резерві болып табылады. Шынында да, төзбеушіліктің себебі көбінесе білімнің таяздылығынан болып табылады. Басқа ұлттардың құндылықтары мен идеяларын білмей, адам оларға немқұрайлы, жақтырмай қарауы мүмкін, бұл төзбеушілікке алып келеді. Қазіргі таңдағы еліміздегі жастардың діни дүниетанымына, діни толеранттылықтың қалыптасуына негіз болатын ол ең алдымен отбасының ықпалы болып табылады, яғни кез келген жас буын өкілі отбасының діни ұстанымын негізге алады. Тәрбиенің іргетасы отбасында, мектеп қабырғасында ұлттық тәрбие беру арқылы қалыптасады. Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдама-

сында «Жастардың төл мәдениеттен нәр алуы, еліміздің тарихи өткенін оқып-үйренуі, қоғамымыздағы достық ахуал мен бейбітшілікті, рухани келісімді нығайту жас ұрпақ бойында біздің ортақ Отанымызға — Қазақстан Республикасына деген мақтанш сезімін қалыптастыруы тиіс» — деп көрсетілген. Жастардың діни сана-сы мен діни білімін қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Қазіргі таңдағы жастардың діни толеранттылықтың құрамдас бөлігі болып саналатын діни білімі, ең алдымен өзі ұстанған діни жөніндегі білім деңгейін анықтауды көздеген дұрыс. Жастарға дінмен қатар мемлекеттік саясатты түсінуде дінтанулық білім керек. «Баланы жастан...» деген қазақ халқы тәрбиесіне көңіл бөлген. Осындай қарбалас заманда жас жүректе имандылық пен адами құндылықтар ұяласа, жақсы мен жаманды айырып, оны мен солын таныса, онда алға қойған мақсаттың орындалғаны. Баланың ой-өрісі мен ойлау қабілетін жетілдіру мектеп тәрбиесінде ғана мықты қалыптасатынын ескеретін болсақ, онда осы айтылғандарды ой таразысына салып, аса үлкен жауапкершілікпен қарап, немқұрайдылық танытпау қажет. Әр баланың тәртібі мен тәрбиесі ең алдымен отбасынан басталады. Әрбір ата-ана баласының бойында ұлттық рухани құндылықтарға негізделген сыртқы жағымсыз ықпалдарға төтеп беретін иммунитет қалыптастыру керек. Себебі болашақ жастардан басталады, ал мемлекетіміздің болашағы жастарда.

*Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлім басшысы: Ахметова Р.Е.*

### 2024 ЖЫЛДЫҢ 31 НАУРЫЗЫ – ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОРНЫНА САЙЛАУ КҮНІ

#### САЙЛАУҒА ТҮГЕЛ ҚАТЫСАЙЫҚ!

№ 10 сайлау округі бойынша Приозерск

қалалық мәслихат депутаттығына

**КАНДИДАТ**

**ЮН**

**СТАНИСЛАВ АЛЕКСЕЕВИЧ**



### 31 МАРТА 2024 ГОДА - ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ВМЕСТО ВЫБИВШИХ

#### УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !

**КАНДИДАТ**

в депутаты Приозерского городского

маслихата по избирательному

округу № 10

**ЮН**

**СТАНИСЛАВ АЛЕКСЕЕВИЧ**

Юн Станислав Алексеевич 1976 жылы Өзбекстан Республикасы, Навои облысында дүниеге келген.

Ұлты: корей. Білімі жоғары, 2008 жылы Қазақстан Республикасы ПМ Алматы академиясын аяқтаған.

Еңбек жолы: 1995 – 2012 жылдары Приозерск қаласының Ішкі істер бөлімінің штаб инспекторы қызметін атқарды. 2012 жылдан бастап зейнеткер.

Отбасылық жағдайы: үйленбеген.

#### Сайлау алдындағы бағдарлама:

- Жастарды өнерге, спортқа баулу, әртүрлі мәдени шараларды ойдағыдай өткізіліп тұрылуына ат салысу;
- Қала халқының десаулығын қорғау, тұрғындардың аз қамтылған бөлігіне тегін медициналық көмек көрсетуге назар аудару;
- Приозерск қаласының экологиялық ахуалын жақсартуға толықтай күшімді салу;
- Айналаның жаратылыстағы табиғи көркін және тазалығын сақтау, демалушылар мен қала тұрғындарына қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауды үгіттеу, және үгіттеп қана қоймай, осы мақсатты іске асыру және ұйымдастыруға өз үлесімді толықтай қосу. жиналған жерде емес, ластамаған жерде» акциясын ұйымдастыруға өз үлесімді қосу;

Тапсырыс беруші: - Приозерск қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат:

Юн Станислав Алексеевич.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

Юн Станислав Алексеевич родился в 1976 году в Навоийской области Республики Узбекистан.

Национальность кореец. Образование высшее, в 2008 году окончил Алмагинскую академию МВД РК

Трудовая деятельность: 1995 – 2012 гг. был в должности инспектора штаба ОВД города Приозерск. С 2012 г. находится на пенсии.

Семейное положение: не женат.

#### Предвыборная программа:

- Участвовать во всех культурно-спортивных мероприятиях, привлекать молодежь города к здоровому образу жизни, занятию спортом.
- Уделять внимание защите здоровья граждан нашего города, способствовать бесплатной медицинской помощи незащищенным слоям населения.
- Вложение всей своей силы на решения экологических проблем города.
- С целью улучшения санитарно-эпидемиологической обстановки города ежегодно способствовать организацию акции «Чистые берега» под девизом: «Не там чисто где убирают, а там - где не сорят!». Цель акции сохранить первозданную природную красоту и чистоту берегов озера Балхаш. Пропагандировать отдыхающим о бережном отношении к окружающей среде.

Заказчик: - кандидат в депутаты Приозерского городского маслихата

Юн Станислав Алексеевич.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

## НАУРЫЗ ЖАҢАША ТОЙЛАНАДЫ

Мәдениет және ақпарат министрлігі Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа тәсілі туралы айтты. Биылдан бастап Қазақстанда көктем мерекесі жаңа форматта тойланады, - деп хабарлады. Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Сәбит Барлыбаевтың айтуынша, Наурызнама онкүндігі жыл сайын 14-23 наурыз аралығында өтеді. Наурыздың бірегей логотипі бекітіліп, еліміздің барлық аймағына жіберілді. Тарихта Наурызды тойлау 8-9 күнге жалғасқан. Оны «Наурызнама» деп атаған. Бұл туралы деректер ұлы философ-жазушыларымыз Махмұд Қашғаридің, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Абай Құнанбайұлының, Мұхтар Әуезовтің еңбектерінде жазылған.

Бүгінгі қоғамдағы сұраныстардың бірі – өткен заманды аңсау тағдыры талайлы болған кез келген ұлт үшін қалыпты жағдай. Бұған, әрине, қазақ ұлтының түп негізіне бойлаған және жастардың ықыласына бөленген заманауи кинематографиялық, әдеби, бейнелеу өнерінің туындылары мен музыкалық шығармалар да ықпал етеді.

Қоғамның мәдени-тарихи мұраларға деген ықыласы заман келбетіне тікелей әсер етеді. Мысалы, салауатты тамақтануға көшуге қатысты трендтер тек табиғи ингредиенттер қолданылатын дәстүрлі қазақ тағамдарына деген ықыласты арттырды. Сондай-ақ салауатты өмір салты (ұлттық спорт түрлеріне оралу), әдебиет (классиктерді оқу), музыка (халық шығармаларының қайта жандануы) салаларында ұлттық өзекке оралу үрдісі байқалады.

Сонымен қатар, тарихи мұраны қайта құру мен жандандырудың негізгі тетігі модернизацияда жатыр. Мәселен, қазақтың дәстүрлі киім үлгісі қазіргі кезде жаңаша түрлене бастады. Қазір қазақстандық дизайнерлер дәстүрлі ою-өрнектерді, нақыштарды және басқа да атрибуттарды заманауи стильмен үйлестіре отырып пайдаланады. Наурыздың қайта жаңарған мәні де осында: дәстүрлер жаңа заманға бейімделіп, тың мазмұн-пішінге ие бола бастады. ХХІ ғасырда қазақстандық дамудың бағытын осылайша дәуірлер тәжірибесіне негізделген жаңа мазмұндағы мәдениет айқындайтын болады.

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**

## ҚҰРМЕТТІ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ!

Приозерск қаласы «Сарышаған Су жылу-2014» ЖШС 2024 жылдың 29 наурыз күні сағат 16.00 де Приозерск қаласы, Космонавтов көшесі - 2 мекенжайы бойынша орналасқан «Достық балалар жасөспірімдер шығарамашылық орталығы» КМҚК-да 2023 жылдың атқарылған жұмыстар туралы тұтынушылар алдында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігін хабарлайды.

**Приозерск қаласының «Сарышаған Су жылу-2014» ЖШС**

## УВАЖАЕМЫЕ ПОТРЕБИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!

ТОО «Сарышаған Су жылу-2014» города Приозерск объявляет о проведении 29 марта 2024 года в 16.00 часов в КГКП «Центр детского-юношеского творчества «Достық» по адресу: г. Приозерск, ул. Космонавтов - 2, общественного слушания по вопросу о проделанной работе за 2023 года.

**ТОО «Сарышаған Су жылу-2014» города Приозерск**

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,  
Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары,  
38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15,  
«Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №11/89, Таралымы:500 дана, пішімі:  
А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі  
+7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және  
Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми  
тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 мау-  
сымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері  
редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар  
мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама  
беруші жауап береді. Газетте жарияланған мате-  
риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
Суреттер интернеттен және архивтардан алын-  
ды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарыл-  
майды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.



## НАУРЫЗ КӨЖЕ ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛАДЫ?

Бір отырыста таныс келіншек наурыз көже дайындау әдісін білмейтіні, сол туралы газетке мақала жазуымды өтінген еді. Елімізде 30 жылдан астам уақыттан бері Наурыз мерекесі тойланып келе жатқанымен, әліге шейін осынау мерекенің басты тағамы наурыз көжені дайындауды білмейтін әйелдер бар екені қайран қалдырса да, қарындастың өтінішіне орай төмендегі кеңесті жалпы газет оқырмандарына ұсынуды жөн көрдік.

Қазақ халқында Наурыз мейрамы ежелден тойланады. Сол дәстүрдің бірі – мейрамға сай бай дастарқан. Үйдегі байлық пен молшылық дайындалған тағамдармен анықталады деп саналады. Дастарқан мерекелі болған сайын, жыл да берекелі болады. Мейрамдағы сол дастарханның сәні – Наурыз көже! Ұлыстың ұлы күні әрбір үй жеті түрлі тағамнан тамақ пісіріп, молшылық болсын деп ниет еткен. Наурыз көже мерекелік дастарқанның таптырмас және маңызды бөлігі. Наурыз мейрамы қашанда осы тағаммен байланысты, оның тарихы көне заманға дейін барып тіреледі. Халықтық дәстүр бойынша оған кем дегенде жеті түрлі азықтық заттар міндетті түрде қосылуы тиіс. Тақ санын сақтап, мұндай заттар көбейтіле беріледі. Соғымнан арнайы сақталған мүшелер (қазы, қарта, шұжық, т.б.) де қосылады. Наурыз көжені халық арасында «тілеу көже», «көп көже» деп те атай береді. Наурыз көжеге, наурызға арналып сойылған малдың кәделі асына Наурыз бата берілген соң, жиналған халық: «ақ мол болсын» деген тілек айтып тарқасады.

Наурыз көженің нақты талабы жоқ, әркім өз талғамына қарай дайындайды. Бірақ, сонда да Наурыз көже дайындағанда қосатын ортақ өнімдер тізімін ұсынайық: Ет (жылқы, қой немесе сиыр еті); құрт; дәнді дақылдар; ұн өнімі; айран; тұз және су. Аңыз бойынша, 7 маңызды ингредиент – бақыт, сәттілік, даналық, денсаулық, байлық, даму және аспанды қорғау сияқты 7 өмірлік принципке жауап береді. 7 үйден дәм татқан адамды ойда жоқ бақыт күтіп тұр, сондықтан Наурызда бұл тағам әр үйде болуы керек. Әрбір ингредиенттің өзіндік мәні бар. Су – тіршіліктің белгісі, тұз – астың тәттілігі, ұн – береке мен тоқтық, айран – бірлік пен дүниедегі тірлік, құрт пен жарма – денсаулық пен күш, ет – сәттілік пен бақыт. Рецепттер мен пісіру әдістері әртүрлі, олар тұратын аймақтарға байланысты өзгеріп отырады.

Наурыз көже дайындау әдісі: 1 келі ет, қазы, қарта, 100 грамм бидай, 100 грамм күріш, 100 грамм жарма (перловка), 100 грамм тары, тұз, 3 литр су һәм 1 литр айран. Қазанға су құйып, ет, қазы-қартаны салып, қайнатыңыз. Алғаш қайнағанда сорпаның көбігін алуды ұмытпаңыз. 1,5-2 сағаттай қайнатып, етті сүзіп алыңыз. Енді дәндерді жақсылап жуып, бірінші бидайды салып, 5 минут қайнатыңыз. Екінші жарманы және күрішті салып, 5 минут қайнаған соң, тарыны салыңыз. Талғамыңызға қарай тұз салыңыз. Дәндер пісіп болды-ау дегенде оттан түсіріп, салқын жерге қойыңыз. Қазаннан түсірілген еттерді ұсақтап турап, барлығын сорпаға айранмен қосып араластырыңыз. Үйіңізге Наурыз мейрамымен құттықтай келген қонаққа ұсынар наурыз көжеңіз дайын. Мереке құтты, берекелі болғай!